

"Қазақстан халықтарының Ассамблеясын құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 1 наурыздағы N 2066 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1998 жылғы 17 сәуір N 3913. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 3 қазандағы N 450 жарлығымен. ~U000450

Этносаралық, конфессиялық, тіл мәселелерін бірыңғай мемлекеттік саясат шеңберінде неғұрлым тиімді үйлестіру және кешенді шешу мақсатында қаулы е т е м і н :

1. "Қазақстан халықтарының Ассамблеясын құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 1 наурыздағы N 2066 U952066_ Жарлығымен (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 8, 84-құжат) бекітілген Қазақстан халықтарының Ассамблеясы туралы ережеге мынадай өзгеріс е н г і з і л с і н :

17-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"17. Қазақстан халықтары Ассамблеясының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты ұйымдастыру тікелей Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігіне жүктеледі. Республикалық және кіші ассамблеялардың атқарушылық жұмысын жүзеге асыру үшін құрылатын Қазақстан халықтары Ассамблеясының атқарушы хатшылығы Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің құрылымдық

бөлімшесі болып табылады".

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі бұрын қабылданған шешімдерді осы Жарлыққа сәйкес келтірсін.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК